



# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Талап қоюдың негізгі мерзімдері  
үшін талап қою түрлері (талап қою  
кезеңдері)



1. Келісім шарттан туған талаптар.
2. Ұқыпсыздықтан туған талаптың келісім шарт құқығы мен азаматтық құқық бұзушылықтың екеуіне де сай келуі.
3. Кредиттік шарттар.
4. «Айрықша» талаптар.
5. Нормативтік актілер бойынша талаптар.
6. Денсаулыққа зиян келтіру және адам өліміне душар ету жөніндегі оқиғалар бойынша талаптар.

## 1. Келісім шарттан туған талаптар

Талап қою мерзімі-бұл адамның құқығын немесе заңмен қорғалатын мүддені бұзудан туындаған талап қою талабы қанағаттандырылуы мүмкін уақыт кезеңі. Талап қою мерзімдері және оларды есептеу тәртібі заңмен көзделеді және өзгертілуі мүмкін емес тараптардың келісімімен белгіленеді.

Келісім шартты бұзғаны үшін талап қоюға негіздеме пайда болған сәттен алты жыл ішінде беру керек. Ал талап қандай да бір әрекетке негізделген болса, оның талап мерзімі он екі жыл. Егер келісім шарттың бұзылуы денсаулыққа зиян келтірсе немесе адамның қайтыс болуына душар етсе, тіпті келісім шарттың бұзылуы өрескел болса да, талап мерзімі 3 жыл.

## 2. Ұқыпсыздықтан туған талаптың келісім шарт құқығы мен азаматтық құқық бұзушылықтың екеуіне де сай келуі

Бір талапқа бірнеше негіздеме болған жағдайда келісім шарт құқығы мен азаматтық құқық бұзушылық арасындағы бісекелестіктің нәтижесінде дау тууы мүмкін. Жауапкердің келісім шарт бойынша міндеттемесін дұрыс орындамаса, бұл туралы талапты алты жылдан кейін беруге болмайды, ал азаматтық құқық бұзушылығы болғанын зияны немесе шығыны туралы білгенге дейін білмеуі де мүмкін. Яғни азаматтық құқық бұзушылыққа қолданылатын алты жылдық талап мерзімі келісім шартты бұзу бойынша талап мерзімінен ұзағырақ.

МВ

Лорд Никольс мұны былай түсіндірген:

«Студенттердің өзі білетіндей, келісім-шартты бұзғаны үшін талап пен азаматтық құқық бұзушылық бойынша талаптың талап мерзімдері әртүрлі. Келісім-шартты бұзғаны үшін талап қоюға негіздеме келісім-шартты бұзған күні пайда болады. Ал азаматтық құқық бұзушылық үшін талап қоюға негіздеме талапкердің келген зиянды білген күні пайда болады».

Азаматтық құқық бұзушылық пен келісім шарттағы талап мерзімдерінің әртүрлі болуына нақты себеп жоқ, сондықтан автор бұл айырмашылықты жойған жөн деп есептейді. Осы саладағы көрнекті мысал болған *Henderson v. Merrett* ісінде (1995) Лорд Гофф бұл айырмашылықты сот өз бетінше өзгерте алмайтынын айтса, ал Лордтар палатасы талапкердің азаматтық құқық бұзушылық туралы да, келісім шарттың бұзылуы туралы да (егер материалдық құқық екеуіне де талап қоюға құқық беретін болса) талап қоя алатынын айтқан.

Апелляциялық сот *Robinson v. PE Jones (Contractors) Ltd* ісінде (2011) келісімшарттың бір тарапы екінші тарапқа негізгі субъектінің кемшілігі үшін экономикалық шығынға ұшырағаны туралы талап қоя алмайтынын айтқан. Бұл істе жауапкер талапкердің тапсырысымен ғимарат салған еді.

Талаптың негіздемесі әртүрлі болуы мүмкін екеніне қайта оралсақ, Жоғарғы сот *Test Claimant in Fill Group Litigation v. Revenue and Customs Commissioners* ісінде (2012) бір тараптың салықты артық төлеп, енді сол ақшасын қайтарып алу үшін талап берсе, талап қоюға негіз болатын нәрсені өзінің таңдауына еркі бар екенін айтқан.

## 3. Кредиттік шарттар

Мұндай талаптар 1980 жылғы актімен реттеледі. Кредитті төлеген күнді немесе қарызды төлеуге тиіс болған күнді белгілейтін норма болмаса, талап мерзімі кредитор қарызды төлеулі талап етіп хат жолдаған күннен бастап алты жылға созылады.

## 4.«Айрықша» талаптар (оның ішінде әрекеттер (DEED) мен ковенант бойынша)



Бұл әрекет туралы талапқа қатысты (көбіне ақысыз жасалған келісімге қатысты).

Талап мерзімінің ұзақтығы талап қобға негіздеме пайда болғаннан бастап он екі жылды құрайды.

Мысалы: ковенанттың ақша сомасын төлеу туралы уәдесі негіз бола алады.

Green v. Eadie ісінде (2011) Канцелярия бөлімі «Ақпаратты бұзу туралы» 1967 жылғы актінің 2(1)-бабы бойынша зиянды өтеу туралы талап қоюға негіздеме «айрықша» талаптардың қатарына жатпайтынын, сондықтан оған «айрықша» талапқа қолданылатын он екі жылдық талап мерзімін қолдануға болмайтынын хабардар еткен. Мұндай талапқа 1980 жылғы Талап мерзімі туралы актінің 2-бабы бойынша алты жыл талап мерзімін белгілеген.

Green v. Eadie ісінде (2011) судья айтқандай, 1980 жылғы актінің 8 (2)-бабында 8 (1)-бабында аталған «айрықша» талапқа он екі жылдық талап мерзімі «Осы актінің нормаларында он екі жылдан қысқа талап мерзімін бекіткен талаптарға қолданылмайды». Ондай қысқа талап мерзімдерінің екі түрі бар (олардың екеуінің де ұзақтығы алты жыл): 1980 жылғы актінің 2-бабында азаматтық құқық бұзушылыққа алты жыл талап мерзімін белгілеген және 9 (1)-бабында «қаулының негізінде кері өндіріп алуға болатын ақша сомасын өндіру» туралы талапқа алты жыл талап мерзімін белгілеген.

Судья Green v. Eadie ісінде (2011) «Ақпаратты бұзу туралы» 1967 жылғы актінің 2 (1)-бабына сәйкес келтірген зиян туралы талапқа қолданылатын, себебі ондай зиян азаматтық құқық бұзушылықта болатынын айтқан еді. Судья оны азаматтық құқық бұзушылықтағы «заң нормасының кеңеюі» деп атаған. Сондай-ақ, 1967 жылғы актінің 2 (1)-бабына сәйкес, талап 1980 жылғы актінің 9 (1)-бабына «әділ және тікелей» сай келетінін, яғни өтелмеген зиянмен байланысты талапқа қолданылмайтынын мәлімдеген.

## 5. Нормативтік актілер бойынша талаптар

1980 жылғы Талап мерзімі туралы Заңның 9(1)-бабындағы алты жылдық талап мерзімі «қаулының негізінде ақшаны өндіріп алудың кез келген түріне» қолданылады.

Green v. Eadie ісінде (2011) қолданылған. Апелляциялық сот кейін Legal Services v. Henthorn ісінде (2011) қолданған. Осы істе заңгер клиентінен сот процесіне қатысқаны үшін еңбек ақысын алған. Бұл жағдайда заңгер сол ақшаның біразын қайтаруға тиіс еді. Мұнда талап қоюға негіздеме қай кезде пайда болды деген сұрақ туған еді:

1. Заңгер құқықтық көмегін аяқтаған кезде;
2. Заңгердің құқықтық көмегін бағалаған кезде;

Құқықтық көмек комиссиясы заңгер артық ақшаны қайтаруға тиіс деген шешім шығарған кезде. Апелляциялық сот бұл істі қарап, алты жылдық талап мерзімі 2-жағдайда басталды деген шешімге келген.

1999 жылғы Келісім шарт туралы (Үшінші тараптардың құқықтары туралы) актіде үшінші тараптың талап беру құқығына алты жылдық мерзімі, ал үшінші тараптың қарапайым келісім шарт пен әрекетке негізделген келісім шарт бойынша талап беру құқығына он екі жылдық талап мерзімі белгіленгені айтылған.

## 6. Денсаулыққа зиян келтіру және адам өліміне душар ету жөніндегі оқиғалар бойынша талаптар

Бұл тақырыпты негізгі нормаларды оқымайынша түсіну мүмкін емес.

«Денсаулыққа зиян келтіру» ұғымы — диагнозды дұрыс қоймау мен дислексияны жақсарта алмауды қамтиды.

Даудың талап мерзімі зиянды білген күннен бастан 3 жыл.

Талапкердің мына нәрселерді білгені туралы «білімін» тексеру қажет;

Денсаулыққа зиянның айтарлықтай екенін;

1. Зиянның тұтас немесе ішінара салғырттықтың, міндетін орындамаудың кесірінен болған әрекеттің немесе әрекетсіздіктің салдары екенін;
2. Жауапкердің тұлғасын білуі;
3. Жауапкерден басқа тұлғаның ортақтастық жауапкершілігі бар екенін.

Бірақ талапкер салғырттықтан туған әрекетсіздіктің құқықтық орнын білуі міндетті емес.

ABv. Ministry of Defence ісінде (2012 г.) Жоғарғы соттың судьяларының пікірі «білу» ұғымына анықтама беруде екіге айырылған. Басым көпшілігі (лордтар - Уилсон, Браун, Мэнс және Уокер) қалыптасқан



көзқарасты ұстанып, білетін тұлға тіпті оның білетіні қандай да бір нақты фактіге негізделмесе де – бәрібір денсаулыққа зиян келу туралы талап мерзімінде білетін болып есептеледі деп санайды.

Талапкердің сол біліміне сенуінің өзі жеткілікті. Бұл сот өндірісі Топтық сот талқылауы ретінде болған еді. Сотқа талапты запастағы алты әскери қызметкер (немесе олардың қарауындағылар) берген, олардың барлығы ондаған жылдар бұрын атом бомбасының радиациясынан зардап шеккен еді.

Шешімнің басым көпшілігінде талапкер сенген болса, атап айтқанда, «сенімді түрде мәлімдесе», яғни құқықтық емес кеңес алғанда және дәлелдемені жинағанда сенімді болса, демек, «білген» болып саналады деген. Бірінші рет сарапшыға барып тұрған адамның тиісті деңгейде білмейтіні белгілі.

«Тиісті білім алғаннан кейін талап қоюдың күрделі екені — оның кейінгі талап мерзімін ақтап алуға негіздеме бола алмайды».

Бұл сот өндірісінде Жоғарғы соттың «білім» туралы шешімі көрнекті істердің көпшілігіндегі талап мерзіміне кедергі болғанын білдірген, себебі оларда талапкер талапты «білгеннен» кейін үш жылдан кейін берген.

Жоғарғы сот Апелляциялық соттың 1980 жылғы Актінің 33-бабының негізінде талап мерзіміне кедергіні жоюдан бас тартқан шешімін дұрыс деп тапқан.

Себебі талапкер сотта жеңіліп қалар еді.

Егер зардап шегуші заңмен белгіленген мерзім ішінде талап-арыз бере алмаса, онда өтемақы алу құқығы жойылады.

Білім — медициналық немесе басқа да Сараптамалық кеңес арқылы анықтауға болатын, бақыланатын немесе белгіленетін фактілер мен фактілер негізінде адамнан күтуге болатын сұрақтарды қамтиды.

Кейде сот талапты осы мерзімнен кейін де қанағаттандыра алады, бірақ тек ерекше жағдайлар болған кезде ғана және мұндай рұқсат алу өте қиын.

Заңгерге жүгінген-жүгінбегені маңызды емес: Лорд Уокердің *AB v. Ministry of Defence* ісінде (2012) айтқанындай, сарапшылар фактілерді анықтаса және талаптың шығу тарихын анықтаса жеткілікті.

Өндірістік аурулар: Аурудың дамуы кейде біртіндеп жүреді және аурудың нақты күнін анықтау қиын, талап қою мерзімі зардап шегуші белгілі бір зиянды жұмыс жағдайларына байланысты оның денсаулығына зиян келтірілгенін білген сәттен басталады.

18 жасқа дейінгі балалардың денсаулығына келтірілген залал: 18-ге толған күннен бастап саналады зардап шеккен адам 21 жасқа толған күні аяқталады. Бала талап қою құқығын бірнеше жыл бұрын сақтайды.

Зардап шегуші-әрекетке қабілетсіз адам: талап қою мерзімі туралы ерекше ережелер, егер жазатайым оқиға кезінде зардап шеккен адам емделуден өтсе немесе психиатриялық ауруға байланысты есепте тұрса немесе жазатайым жағдайдың өзіне байланысты адамды әрекетке қабілетсіз ететін психиатриялық бұзылулар туындаса, онда пациент емделіп алған немесе есептен шығарылған сәтке дейін үш жылдық мерзімді есептеу жүргізілмейді.

Өліммен аяқталған жазатайым оқиға: мұндай жағдайда заң бойынша туыстары өтемақы туралы талап-арыз бере алады, зардап шегушінің өміріне үш жылдық талап қою мерзімі өтпеген жағдайда, қаза тапқан адамның туыстары қайтыс болған күннен бастап үш жыл ішінде өтем талап етуге құқылы.

*Whiston v. London SHA* ісінде (2010) Лорд Дайсон *Adams v. Bracknell Forest LBC* ісіндегі (2004) медиациялық жағдай туралы былай деген:

Сот талапкердің қандай ақылға қонымды нәрсе ұсынатынын ескеруге тиіс. Бұл соттың объективті түрде тексермеуі керек дегенді білдірмейді. Мен де істі қараған кезімде талапкердің өзінің талабын ақылға қонымды түрде негіздеуін талап етемін, сот Лордтар палатасының, 1980 жылғы актінің 33-бабына сәйкес, «білгеніне» талапты да «күшейткенін» естен шығармағаны жөн, сондай-ақ, 1980 жылғы актіге сәйкес, жауапкердің сүддесін ескеруге болмайды. Меніңше, адам ісіндегі шешімде соттың талапкердің талабына қоятын талабын күшейткені 33-баптан да асып түскені дұрыс деп ойлаймын».

Әскери қызметшілерді өтеу туралы талаптар: - Әскери қызметшілердің арнайы әскери қордан өтеуге талап арыз беру мүмкіндігі бар - Мұндай талап қоюға талап қою мерзімі – жаракат алған немесе ауру дамыған күннен бастап 7 жыл.

Апелляциялық сот *Aktas v. Adepta* ісінде (2010) Хортонна ісіне сүйене отырып, 1980 жылғы Талап мерзімі туралы актінің 33-бабы бойынша талапкер тіпті талапты төрт айлық мерзімде тапсырып үлгермесе де және бұл талап мерзімін өткізіп алу болып саналса да (денсаулыққа зиян келтіруге белгіленген үш жылдық мерзімнен асып түссе де), дискрециялық құқықты қолдануға болады. Актас ісінде Лорд Рикс талапкердің мерзімі өткенге дейін жауапкерге талабы туралы хабарлап үлгергенін, демек, 33-баптың



нормасын қолдануға болатынын айтқан.

Шындығында *Cain v. Francis* ісінде (2008) лорд Смит айтқандай, бұл істегі нақты мәселе жауапкердің зиян көруінде еді.

*Whiston v. London SHА* ісінде (2010) Лорд Дайсон тіпті «әлі де әділ сот өтуі мүмкін болса да» және тіпті фактордар «сол істің әділ өтетініне кепіл болса да» оның «бәрібір шешуші фактор бола алмайтынын», себебі «33 (3)(а) және (f)-баптарындағы факторлардың бәріне назар аудару керек екенін» мәлімдеген.

*A v. Naore* ісінде (2006) лорд Хоффман 1980 жылғы Талап мерзімі туралы актінің 33-бабын кеңінен қарастыру керек екенін және оған айрықша істерде ғана қолданылатын норма ретінде қарауға болмайтынын ескерткен. Лорд Хоффманның пікірінше, талапкердің зиян туралы мәлімдемесін, оның ішінде психологиялық зиян туралы мәлімдемесін 33-бапқа сай бағалау керек.

### **Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер**

1. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
2. Foreign Limitation Periods Act of 24 May 1984. [Электронный ресурс] URL: <http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1984/16/enacted>
3. Решетникова Е.В. Сроки исковой давности в гражданском праве Российской Федерации, Франции и Англии. – Томск, 2017. // [Электронный ресурс] URL: <http://ui.tsu.ru/wp-content/uploads/2017/06/Решетникова-Е.В.-Сроки-исковой-давности-в-гражданском-праве-Российской-Федерации-Франции-и-Англии.pdf>
4. Здрок О.Н. Гражданский процесс зарубежных стран. Курс лекций: Учебное пособие. – Мн.: БГУ, 2004. – 147 с.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Талап қоюдың негізгі мерзімдері үшін талап қою түрлері (талап қою кезеңдері)

---



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Талап қоюдың негізгі мерзімдері үшін талап қою түрлері (талап қою кезеңдері)

---